



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2026 жылғы 9 сәуірдегі № 16-13-85Д/С

Құрметті депутаттар!

Жоғары оқу орындарының институционалдық автономиясын кеңейтуге қатысты сауалды қарастыра отырып, төмендегіні хабарлаймыз.

Заңмен¹ 2018 жылдан бастап Қазақстанда жоғары оқу орындарына академиялық және басқарушылық дербестік берілді. ЖОО-ларға білім беру бағдарламаларын әзірлеу, оқу жүктемесінің нормаларын айқындау, еңбекақы төлеудің нысандары мен мөлшерін белгілеу, қабылдау қағидаларын бекіту және т.б. құзыреттер жүктелді.

Аталған жұмыс халықаралық сапа стандарттарына сәйкес жоғары білім беру жүйесін дамыту аясында жүргізілуде, жоғары оқу орындарын артық нормативтік реттеуді қысқартуға және басқару сапасын арттыруға бағытталған, «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Назарбаев Университеті) және алдыңғы қатарлы елдер университеттерінің тәжірибесін қамтиды.

Жоғары білім беру жүйесін жаңғырту құралдарының бірі – жетекші шетелдік университеттерді тарту, олардың филиалдарын ашу, олардың стандарттары мен тәжірибесі қазақстандық жоғары білім беру жүйесіне ендірілетін болады. Бұл ретте жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламалары мен оқу процессінің ұлттық мүдделерге сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды шарт болып табылады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бұл үшін қаржылық орнықтылық пен қызметтің ашықтығы, тиімді корпоративтік басқару, есептілік, сапалы әрі тәуелсіз сыртқы мониторинг қажет.

Сонымен қатар қазіргі уақытта қазақстандық жоғары оқу орындарында мемлекеттік бюджетке тәуелділік деңгейі әлі де жоғары, бұл автономия

¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқару дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 4 шілдедегі № 171-VI Қазақстан Республикасының Заңы.

мәселелерін жан-жақты зерделеуді және біртіндеп іске асыруды талап етеді.

Анықтама: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-да бюджеттің 70 %-ын республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру тапсырысы құрайды.

Осыған байланысты жоғары оқу орындарының автономиясын одан әрі дамыту мәселесін жоғары білім беру жүйесін қаржыландырудың жаңа моделін енгізу шеңберінде іске асыру жоспарлануда.

Осы мақсатта Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – ҒЖБМ) 2026 жылы жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингін енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Бұл рейтинг көрсеткіштерді бағалау әдістемесі негізінде (*беделі, академиялық және ғылыми-зерттеу артықшылықтары, түлектердің мансаптық мүмкіндіктері, интернационалдандыру, басқару тиімділігі және т.б.*) жоғары оқу орындарын саралауды көздейді. Сондай-ақ алдыңғы орындарға ие жоғары оқу орындарының академиялық дербестігін кеңейту қарастырылған (*білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын дербес айқындау, философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру*).

Сонымен қатар академиялық қауымдастықпен және Парламент депутаттарымен бірлесіп ҒЖБМ ұлттық рейтингті енгізу нәтижелерін халықаралық деңгейдегі позицияны және ұзақ мерзімді тиімді басқаруды ескере отырып (*QS WUR, THE сияқты әлемдік рейтингтердегі тұрақты жоғары орындар, жетекші халықаралық агенттіктердің тәуелсіз институционалдық аккредитациясы, қаржылық тұрақтылық, инвестициялар, ғылымды коммерцияландыру және т.б.*), алдыңғы қатарлы университеттердің дербестігін одан әрі кеңейту мәселесін қарастыратын болады.

Осылайша, жоғары білім беру сапасын арттыру бағытында жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін дамыту бойынша озық халықаралық тәжірибені қолдану арқылы жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Аталған бағыттар бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

О. Бектенов

Депутаттар тізімі:

1. Ғ. Сарыбаев
2. С. Дүйсембинов
4. С. Ершов
5. А. Есбай
6. Б. Жексенбай
7. Н. Жүсіп
8. М. Қожаев
9. А. Нұғманов
10. Б. Орынбасаров
11. А. Сатвалдиев
12. Г. Шиповских